

ТҮНГАН ТАРИХ - ТОРҒАЙДА

Каненова Г.Т.

Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты

Көне Торғай даласының қойнауы ескерткіштер мен шежірелерге толы. Бірақ осы тарихи байлығымызды қайта жаңғыртып, оның жана қырларын ашу ұзақ жылдар бойы тоқырауға ұшырап, сайын даладағы көненің көздері назардан тыс қалып қойған еді. Дегенмен, 2000 жылдың мамыр-шілде айларында өнірдің этномәдениетін зерттеу және жинақтау экспедициясына шыққан өлкетану мұражайының қызметкерлері жоғарыдағы кемшіліктердің орнын толтырды. Экспедиция негізінен Аменкелді, Жангелдин, Қамысты аудандарына жасалды. Торғай өніріндегі Аманкелді, Торғай кенттері, Құмкешу, Үртек, Екідің ауылдары зерттеу жұмыстарының басты нысанына айналды. Мұндағы түрғын үйлердің құрылыш материалдары, олардың өзгеріске ұшырап жетілдірілуі, сондай-ақ қолөнер, тұрмыстық бұйымдардың (сандық, кілем, киім, ыдыс-аяқ, әшекей бұйымдары) жасалу жолдары, ерекшеліктері мұқият зерттеліп, хатталып, фотосуретке түсірілді. Жер-су аттарының пайда болу себептеріне де баса мән берілді, өйткені әр атаудың астарында тілін тапсаң төгіле жөнелетін шежіре жататыны белгілі. Аманкелді ауданының аумағындағы Екі Дің кешені мұражай қызметкерлерінің қатты қызығушылығын туғызды. Оның біріншісі Сарыторғайдан табылған болып, бастапқыда бұл өнірлер белгілі археолог, академик Ә.Х.Марғұлан бастаған ғылыми экспедиция тарапынан 1959 жылы ашылған еді. Екі Дің ескерткіші VIII-IX ғасырларға жатады. Оның диаметрі 5 м. ал биіктігі 3,7 м. Бұл кешенниң екіншісі Қаратотғайдан табылды. Кешенниң диаметрі 6 м. биіктігі 3,80 м. Сонымен қатар Сарыторғай ауылының маңынан XVIII ғасырға жататын «Қыз тамы» мазары табылды, ол қызыл кірпіштен өріліп салынған болып, ашық аспан астында тұрса да сол күйінде сақталған. Бұл мазар жайында ел арасында тараған мынандай аңыз да бар. Ертеректе екі ру арасында үнемі дау- жанжал болып тұрады еken. Осы екі рудың бір бойжеткені мен бозбаласы бір-біріне ғашық болыпты. Қос ғашық ел арасындағы жанжалдың өз сезімдеріне кедергі болатынын сезіп, жасырын бас қосыпты. Жастардың сезімі екі елдің жұртына достық пен татулық әкеліпті. Кейін бұл отбасы үбірлі - шұбірлі, үлкен бір әulet болыпты. Осы ел анасының жерленген жеріндегі мазар «Қыз тамы» деп аталып, киелі мазар саналыпты. Кейбір деректерде Алыстың тамы деп те атайды. Бірақ екі да дұрыс, себебі тамды тым жас қайтыс болған аяулы қызына арнап осы маңайда мекендеген

Алыс деген кісі салдырған. Соңында Алыс деген кісі де осында жерленіпті. Сондықтан жүрттың біразы Қыз тамы деп те, біразы Алыс тамы деп атап кеткен. Негізінен ғимараттың пішіні (6,60 x 6,40 м) болса, ал биіктігі 7,30м. құрайды [1].

Торғай даласынан істерін отансүйгіштікке үлгі етер, өнеге тұтар ондаған азаматтар шыққан. Батыр қолбасшы, ел бірлігін қорғаған саясатшы, мәмілекер Шақшақ Жәнібек.»Бір Аллаға сиынып, кел, балалар оқылық», деп дала қоңырауын қаққан ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин. Ұйқыдағы елін бірі маса болып шағып, бірі «оян, қазақ» деп ұрандаған Ахмет Байтұрсынов пен Міржақып Дұлатов сынды Алаш көсемдері. Ел егемендігі жолында күрескен батырларымыз : Әліби ,Аманкелді, Кейкі. Ақындар: Әбіқай, Нұрқан, Ахметхан , Қайнекей, Сыrbай, Ғафу, Кеңшілік ... Бұлар - Торғай азаматтары , осы өнірде туып, азаматтық істерге осы жерден қанаттанған. Сондықтан да болар, академик Зейнолла Қабдолов : «Торғай ұлыларды тудырған, ұлтымыздың ұясындай болған тарихи өлкे» деп атаған болатын . Сол ұлыларымызды ардақтап, істерін жастарға үлгі ету мақсатында салынып, тарихи жәдігерлермен жабдықталған Торғайда бес мұражай жұмыс істейді. Солардың байырғысы Әліби Жангелдин тарихи - өлкетану мұражайы. Батыр, жиһанкез, қоғам қайраткері Ә. Жангелдиннің мұражайы кеңестік кезеңнің ел тарихына орай мұрағаттарға бай , әсем жарақтанған тарихи орын . Екі қабатты, алдында Әлібидің ескерткіші орнатылған мұражай көрікті де салтанатты. Кезінде көzsіз белсенділердің қырысынан құлатылған Ыбырай мектебі халықтық негізде қайта бой көтерді. Ыбырай Алтынсарин атындағы педагогикалық мұражайы сонда жабдықталды. Мұнда білім берудің Қазақстан бойынша мол мұрағаттары жинақталған. Ағартушы – ұстаз Ыбырай Алтынсаринге қойылған ескерткіштің ең тамашасы да мұражай алаңында орналасқан. Торғайлық әдебиет, өнер, ғылым қайраткерлерінің суреттері мен еңбектері осы мұражайға жинақталған. Шақшақ Жәнибекке арнайы салынған сазды, жарықтандырылған көрініс, Қазақстандағы бірден - бір ерекше мұражай. Көне қаладағы алтыншы мұражайдай болған Ардагерлер үйі бар. Бұл үй бұрынғы Аманкелді батырдың штаб пәтері болған үйдің орнына салынған. Мұнда батырға арналған бөлме бар, еңбек ардагерлерінің суреттері ілінген. Ел бостандығы жолында мерт болған Аманкелді сарбаздарының мемориалы да көшілік тәуіп ететін тарихи орын . Сондай-ақ Торғай мұражайлар кешені аумағына Шеген ауылындағы алғашқы республика халық комиссарларының бірі , Алаш белсендісі Кәрім Тоқтабаевтың, Ақ шығанақта - ақын Кеңшілік Мырзабековтың, Шиліде – Қайнекей Жармағанбетовтың, Бидайықта – Міржақып Дұлатовтың, Ақ көлде - Ахмет Байтұрсыновтың шағын мұражайлары бар. Бүгінде мемлекет

қамқорлығына алынған «Торғай мұражайлар кешенінің» болашағы қомақты болмақ. Торғай өніріндегі тарихи орындарды санамалар болсақ, жүздеп аталар. Тарихи орындар біз үшін мактанды. Демек, Торғай мұражайларының ұрпақ тәрбиесінде тәрбиелік маңызы үлкен, танымдық негізі мол. Десек те, көне дәуірлерден сақталған тарихи ескерткіштер мен мұралар Аманкелді ауданының территориясында да жеткілікті. Бұл аймақта ертеден сақталған ескерткіштердің бірі ол - мазарлар болып табылады. Мазарлар сол дәуірде дәулеттілерге салынғанымен оны жасағандар әрине қарапайым халықтың өкілдері болды, солардың арасынан шыққан хас шеберлер, тамаша сәулетшілер, шынайы зергерлер еді. Олар өздерінің арман - мұнын, қанатты қиялын, өмірге деген құштарлығы мен сүйіспеншілігін осы бір өшпес өнері арқылы кейінге мұра еткен, бүгінгі ұрпақтың болашағына, оның парасатына сенген [1].

Аманкелді ауданындағы ескерткіштердің бірі – Сатыбалды ишан мазары . Ол мазар 1877 жылда салынған. Оның бас сәулетшісі Қотыран руынан шыққан Доспан ұста болды. Мазар өте көркем, кірпіштерден ажарлы нақш жасалынған, сырт көзді өзіне тартады. Салынғанына бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, әлі күнге дейін тозбай, жақсы сақталып келеді. Қолдырахмет мазары болса, 1915жылдың жаз айында салынған. Салушы ұста Аймағанбет деген кісі болды. Ал Шымберген мазары 1926 жылы салынған. Сонымен қатар адамдарды таң қалдырып отырған Мақат қабыры. Ең таңқаларлық жері , кесене жанында бұл мазардың XX ғасырдың басында салынғандығы жазылған тақтайша орналасқан. Десек те, кей деректерде бұл сәулет құрылышының XVIII ғасырға тән екендігі расталады. Бірақ кесене сәулеттілігімен де, салынған жылымен де басқа кесенелерден еш қандайда айырмашылығы болмағанмен, ішіне мәйітті жерлеу тәсілі кімді болса да ойландырыры сөзсіз . Мұнда тек Махат руы ұрпақтарының ғана мәйіті қойылды. Мәйіт келесі адам қойылғанша сахна үстінде сақталатын болған. Содан соң қасындағы ұраға түсіріледі. Бірақ осы кесенені салушының неліктен бұл руға жерлеудің Ислам әлемінде қабылданғандай жер асты емес , осы тәсілді таңдағаны түсініксіз. Алайда бір ақиқаты, тастандардан өнерлеп жасалған осы ұра ішіндегі Махат ұрпағының сүйегінің қалыпты жағдайда сақталғанына көз жеткізуге болады . Кесененің жер асты бөлігінің желдеткіш жүйесі жіті ойластырылып салынғандығынан дәлел береді. Басты таңғажайып ерекшелікте осында болып отыр [4].

Торғай даласында бұл сияқты құнды ескерткіштер, тіпті сонау көне занан тарихынан сыр шертетін мұралары сақталған. Олардың әрқайсысының өзіне тән тарихы бар . Бірақ кезінде халқымыздың осы бір аса құнды мәдени байлықтарын іздең табу, есепке алу ісінде ұқыпсыздық орын алған да, олардың жол үстінен бұрыс орналасқандары ескерусіз қалған. Осындаі салақтықтың кесірінен XIII ғасырдың бірден - бір сирек

кездесетін ғажайып көркем мұрасы болып табылатын, Жангелдин ауданының территориясындағы «Сырлы тамнан» айырылып қалдық. Талай тарихи, мәдени оқиғалардың күесі болып тұрған Аманкелді селосындағы биіктігі екі қабатты үйге тең мешітті («Қызыл үйді») аудан басшылары бұздырып таstadtы. Беріде халқымыздың мәдени мұраға жеткілікті мән бермеуінің салдарынан. Барлық бізге жеткен тамаша тарихи үлгілердің ою – өрнектері, кірпіш өру, күмбез шығару әдістері, мандайша формалары мен суреттері, бүгінгі зерттеуші – мамандардың ерекше назарын аударапы сөзсіз. Сонымен қатар, карт Торғай елінде, халық тыныштығы мен олардың азаттығы үшін күрескен, елін, жерін қорғаған, біртуар батырларымызға арнап ескерткіштер мен мемориалды кесенелер орнатылған. Олардан бірі атақты Шақшақ Жәнібек батырға арналған мемориалдық кесене. Торғай қаласынан Ақшығанақ ауылына барап жолда 20 шақырым көлемінде 1993 жылы Шақшақ Жәнібек батырдың 300жылдық мерекесіне арнап, ата –бабаларының қорымы жанына қыр үстіне кесене орнатылды. Шақшақ Жәнібекке орнатылған өте көркем мемориал алыстан көз тартады. Торғайды Амангелді сардарға арнап салдырған ескерткіш бар. Оны мұсінші Х.Наурызбаев жасаған. Ескерткіш өлшемі (2,20x0,40м), ал биіктігі 5,25 метрді құрайды. Кейінректе Қостанай облысының оңтүстік - шығысындағы Батпаққара ауданына 1936 жылдың 21 қыркүйегінде оған халық батыры Амангелді есімі берілді. Осы ауданда 1969 жылы мұражайы ашылды . Мұнда Амангелді Имановтың тұтынған бұйымдары мен ол туралы құжаттар жинақталған, ғылыми- ағарту мекемесі болды. 1979 жылы мұражайдың жаңа ғимараты пайдалануға берілді, дәл мұражайдың қасына батырдың мемориалдық ескерткіші орнатылды. Онда 5 көрме залы, қор қоймасы, кино залы жұмыс істейді. Мұражай қорында Амангелді мен оның үзенгілес серіктеріне қатысты 2 мыңнан астам материалдық деректер, құжаттар жинақталған. Сондай – ақ бұл жерде белгілі қазақ ревалюционері Әліби Жангелдинге арнап та, ескерткіш тұрғызылды. Торғай ауданы орталығында Ә. Жангелдинге, 1984 жылы қазан айында осы бір занғар тұлға құрметіне мұражай ашылды. Ондағы ескі жихаздар, үй жабдықтары, тұрмыс жабдықтары Әліби Жангелдиннің балалық шағы мен балаң шағы қандай жағдайда және қалай өткенін баяндайды. Мұнда көрнекті қайраткердің азаматтық көтеріліс кезіндегі, кеңес үкіметін орнату тұстарындағы еткен ерең еңбегі жайлы сыр шертетін экспонаттар қойылған. Торғайдан талай-талай ақындар, жазушылар, сазгерлер шыққан. Белгілі халық сазгері Бақытжан Байқадамов та қасиетті Торғай топырағында 1917 жылы дүниеге келген. Қазақ музыка әлеміне өлшеусіз үлес қосқан азамат артына «Домбыра», «Кел достар», «Айгөлек»т.б көптеп өлеңдері мен әндерін қалдырды. Бүгінде Арқалық қаласындағы қосымша білім беру мектебі және қалалық музыка мектебі алдында сазгер Бақытжан Байқадамовтың ескеткіші қойылған [3].

Торғай жерінен табылған әрбір зат облы өңірінің өткен тарихының бір ізі іспеттес. Ен даладағы көне ескерткіштердің көбінің күтімсіздікте жойылып кету қаупі бар екендігі алаңдаушылық тұдырады. Сол себепті де қолымызда бар тарихи мұраларды сақтауға көзіл бөлейік. Тарихқа мол далага үңілсек, шынында да, карт Торғай даласын ашық аспан аясындағы мұражайға айналдырса артықтығы жок.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Д.Әбдібек [Өлкетану мұражайы туған өнір тарихын насиҳаттайды], Қостанай таңы. 2001 ж 17 тамыз.
2. Е.Әбдіхалықов [Ескеркіш - халық еншісі], Торғай таңы. 1988ж. 5 ақпан.
3. Ж.Әнесұлы [Торғай қаласындағы Ш.Жәнібекке арналған бейнелі кескіндеме ашылу салтанатынан], Ауыл тынысы.1993ж. 4 қыркүйек.
4. Х.Мұсабаев [Мемлекет қамқорлығына алынған тарихи ескерткіштер қалпына келтірілді], Қостанай таңы. 2003ж. 9 қыркүйек.
5. Ә.Омарұлы [Ескерткіштерге қамқорлық керек], Қостанай таңы. 2006ж. 24 қазан.